



Ы. Алтынсарин атындағы облыстық  
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы  
*Ақпаратты - библиографиялық бөлім*

Областная библиотека для детей  
и юношества им. И. Алтынсарина  
*Информационно-библиографический отдел*

## *«Ар-намысының тазалығымен өмірсүрген»*

(Илияс Омаровтың 100 жылдығына  
арналған)

Жадынама



## *«Жил человек по совести»*

(к 100-летию Ильяса Омарова)

Памятка

*Қостанай, 2012*

## Ілияс Омаровтың өмірбаяны



Мемлекет және қоғам қайраткері, танымал тарихшы, көрнекті көсемсөзші, тамаша әдебиетші.

Ілияс Омаров қазан айының бірінде Қостанай облысына қарасты Сарыкөл ауданында Қараоба ауылында дүниеге келді. Тегінде қасиетсіз жер болмайды. Бірақ, белгілі бір мекеннің атын сол жерде туып-өскен перзенттері шығарады. 19 шілде 1970 Алматы қаласында қайтыс болған. Ілияс Омаров (1912-1970) – мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист.

Өмірбаяны Орта Азия жоспарлау экономикалық және сауда-тауар ісі институтын бітірген (1933, Ташкент). 1933–1936 жылдары Республиканың сауда мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған. 1941 – 1945 жылы Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары, комиссары болды. “Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын” ұйымдастыруда, 1944 жылы желтоқсанда Алматы қаласында өткен республикалық ақындар айтысын өткізуде, “Қазақ КСР-інің ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихының” жарық көруіне ұйытқы болды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты мен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны ұйымдастырды. 1945 – 1947 жылы Қазақ КСР-і ХКК төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облысы партия комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарды. 1947–1952 жылы Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы. Ол 1949 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігін ұйымдастырды. Омаров халық өнері мен музыкасын, ауыз әдебиетін насихаттауға зор үлес қосты, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерін өнеге ретінде ұсынды. 1949 жылы жарық көрген “Қазақ КСР тарихының” толықтырылған 2-басылымының жауапты редакторы болды. Е.Бекмахановтың қазақ халқының шын мәніндегі тарихын ашық жазуына, Кенесары, Наурызбай батырлар жайында ақиқаттың айтылуына, І.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі материалдарды бастыруына ұйытқы болды. Осы жағдайлар оның 1951–1952 жылы “ұлтшылдарды қолдаушы” деген науқаншыл айыппен Қазақстан КП ОК-нің құрамынан шығарылып, қудалануына алып келді. 1952 – 1955 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. 1955 – 1959 жылы Солтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. 1959 – 1961 жылы “Қазақфильм” киностудиясының директоры, Қазақ КСР-і Министрлігі Кеңесінің кеңесшісі қызметтерін атқарып, жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ кино өнерінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. 1961–1967 жылы Қазақ КСР-і Министрлігі Кеңесі жанындағы Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1-орынбасары, 1967–1970 жылы Қазақ КСР-і Мәдениет министрі болды. Омаров осы

кезеңде қазақтың эстрадалық өнерін, ұлттық циркті, театр жұмысын жетілдіруге, кәсіби өнердің басқа да салаларын тыңнан дамытуға барынша күш салды. Осы жылдары қазақтың хор капелласын, классикалық және халық билерінің хореограф.

Жетістіктері “Жас балет” ансамблін, Жетісай қаласында қазақ музыкалы драма театрын ашуға және жастардың эстрадалық “Гүлдер” ансамблін құруға ұйтқы болды. “Мәдени ескерткіштерді қорғау туралы” заң қабылданды. “Әдебиет туралы ойлар” (1962), “Оқушы көзімен” (1967), “Серпін” (1970), “Шабыт шалқары” (1973) еңбектері жарық көрген. Омаров Ленин орденімен, 3 рет Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” ордендерімен, медальдармен марапатталған.

XX ғасырдағы қазақтардың сондай қадір тұтқан, ұлы деп сүйген азаматының бірі – Ілияс Омаров еді. Оның биік адамгершілігі, азаматтық қайраткерлік өнегесі, жан-жақты таланттылығы мен білімпаздығы Ілекенді өз заманының озық ойлы ұлдарының қатарына көтерді. Онымен қоштасуға арналған сөзінде Ғабит Мүсірепов: «Тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас-бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралғандай азамат, адамгершілікке, әділетке, жолдастыққа, достыққа кір жұқтырмай өткен бір адам Ілиястай-ақ болар. Үлкендер қатарында кіші емес, кішілер қатарында үлкен емес бір жан еді-ау!» - деген еді. Осы сөзге имандай иланбайтын, қол қолмайтын адам Ілекенді көргендер ішінде болмас-ты.

Ол жан-жақты білімді болды. Алған білімі жағынан экономист, басшы қызметтерде жүріп, халық шаруашылығының барлық саласын жақсы игерді. Оларды өмірден көргеніне ғана сүйеніп үйренген жоқ, сол саланың ерекшеліктері жайлы да көп оқыды, зерттеді. Зерттеп, оқып, әбден кезі жетпей, Ілекең ештеме жасамайтын. Жобамен асығыс қорытынды жасау оның әдетінде жоқ еді. Мәдениет, идеология мәселелерінің ол кемеңгер білгірі болды. Кітап оқу оның үзілмейтін кәсібі болатын. "Жан-жақты жетілу адамның ойлау мөлшерін кеңейтеді. Сондықтан қанша маман болсаң да, өз кәсібіңнің тар шеңберінде қалу адамды мүгедек етеді, адамзат дамуының жалпы жүйесінен сырт қалдырады. Әрине, өз кәсібінді толық игермей тұрып, құр білгіш болу да қиын, әрі зиянды. Қандай да болса, екі жақтағы шетте қалудан сақтанған дұрыс. Қоғамға пайдалы болу үшін көп нәрсені білуің керек. Сөйтіп өз кәсібінді жетілдір, ең бастысы, оны қоғамға пайда әкелетіндей ет" — деген қағиданы, ол өмірде берік ұстанды. Ілекең күнделігіндегі осы сөздер — оның адамдық берік принципіне айналған дүние еді.

Осылардың бәрі Ілиястың биік азаматтық үлгісін



танытады. Онда данышпандықтың белгілері мол еді. Сондықтан абзал ағаның жарқын бейнесі әрдайым біздің жүрегімізде өмір сүреді. Қостанай қаласында Қазақ драма театры І. Омаровтың атында.

2000 жылдың 7-ші ақпанында № 28 облыс әкімінің шешімімен құрылды. 2001 жылдың 26-шы қыркүйек айының № 109 бойынша театрымызға жерлесіміз, белгілі мемлекет және өнер қайраткері Ілияс Омаровтың аты берілді.

2001 жылдан 2008 жылға дейін театр Петропавл, Көкшетау, Орал, Қостанай, Қызылорда, Ақтау қалаларында өткен барлық Республикалық театрлар фестивальдеріне қатысып, әртістеріміз ең үздік әйел, ерлер рөлін сомдаған үшін бірнеше номинацияларға, сонымен қатар ең үздік сценография және фестивальдің лауреаты атақтарына ие болды. Астана, Қарағанды, Павлодар, Шымкент және Қостанай областары бойынша гастролдік сапарларға шықты.

Тәжірбие алмасу үшін Қарағанды театры, Астана музыкалы драма театры, Челябинск орыс театры, Алматы жасөспірімдер театры, Арқалық жасөспірімдер театрлары келді.

Спектакльдердің құрылуы мен шығуына кәсіби қоюшы-режиссерлар жұмыс атқарды, атап айтсақ С.Асылхан, Ж.Хаджиев, Б.Ұзақов, Н.Жұманиязов, Б.Сейтмамытұлы, С.Қарабалин, Т.Жаманқұлов.

### **Жаңалығы мол маусым**

Ілияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының жаңа маусымы қазан айының басында ашылмақ. Бұл туралы өнер ордасының көркемдік жетекшісі Ерсайын Төлеубайдан білдік. Театр ұжымы үлкен ізденіс үстінде екен. Биылғы маусымда көрермендерді зор жаңалықтар тосып тұр.

Олай деуімізге бірінші себеп, жаңа театр ғимаратының бой көтеріп жатқаны. Құрылыс жұмыстары күздің соңына қарай, не Тәуелсіздік күніне таяған уақытта бітеді деп күтілуде. Екінші жаңалығы – «Абай» пьесасы. Қойылымға дайындық басталып кеткен. Оны жаңа театр сахнасына шығармақ. Көрермендер тағы бір қуантарлық жаңалықпен келер жылдың қаңтар айында қауышқалы отыр. Театр ұжымы Ілияс Омаровтың 100 жылдық мерейтойына арнап, спектакль қоюды жоспарлап қойған. Тұлға туралы туындыны белгілі жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаевқа тапсырыспен жаздырып жатыр. Құдай қаласа, қазан айында шығарманың толық нұсқасы театр режиссерінің қолына тиеді. Бұл ізденістердің бәрі Қазақстан театрларында жиі кездесе бермейтін атаулы жаңалықтар.

«Абай» пьесасы Ерсайын Төлеубайдың (суретте) нұсқасы бойынша осыған дейін бір-ақ рет сахнада көрсетіліпті. Ол бізбен әңгімесінде біраз сырды ақтарып тастады:

– Несін жасырайын, менің көрсеткелі отырған Абайым бұрынғы Әуезов бейнелеген немесе ел айтып жүрген, құдайдай көрген Абай емес. Сонда ол қандай Абай? Жаңа заманға, әлем әдебиетінің қойнауына сүңгіп, талғам тереңдеген сайын Абайдың да сан қырларын аша түседі екенсің. Мен ұлы

дана өмірінің соңғы кезеңін алып отырмын. Оның тағдыры тым ауыр жағдайларға толы болды. Араларына алты айдан салып, балалары көз жұмды. Мағауия қайтыс болғаннан кейін тура 40 күн өткенде өзі өмірден озған. Одан дәл бір жыл асқанда баласы Ақылбай дүние салады. Осылай дүркіреген әулеттің тас-талқаны шықты. Неге олай болды? Құнанбайға Кеңгірбай бидің берген батасы қате кетпегендіктен. Әкесі Өскенбай ауызы дуалы абыздан баласына бата сұратқанда, «Тоғыз ата толғанша, түндігің түрілмесін» деп теріс қол жайыпты. Оған дейін оның алдына бата сұрап баруға Тобықтыдан ешкімнің дауасы жетпеген. Кеңгірбай теріс бата берердің алдында бәйбішесін қырға қаратқанда, төрт бөрі жортып барады екен. Құнанбайға бата бергеннен кейін көз жүгірткенде, әлгі төртеуі екеуге кеміпті. Сонда би: «Әлі екеуі қалыпты. Жарар, барса барсын» депті. Төрт киесінің екеуі ғана Құнанбайға дарыған. Зере жылап келіп, болған жайды Өскенбайға жеткізеді. Ал, ол: «Кеңгірбайдың бұл батасының өзі бақ сыйлайды» деп тоқты сойып, шағын той жасапты. Десе дегендей, Құнанбай ер жеткенде ел болыстыққа сайлап, құрметтейді. Бірақ, Кеңгірбайдың айтқаны келді. Жұрт неге Абайды түсінбеді? Оған данышпан өзі жауап береді. «Кінәнің бәрі өзімнен» дейді. Ал, мен осы жерден тоқталайын. Қайсыбір әңгімені тауысайын. Қалғанын өздеріңіз көресіздер.

Абайды сомдауға әзірге екі актер бекітіліп тұр: Берікхан Төкенов пен Қонысбек Беғайдаров. Әзірге екі жігіттің қайсысы ойнайтыны нақтыланған жоқ.

Театр 11 қыркүйекте облыстың оңтүстігіне гастрольдік сапармен аттанғалы отыр. «Міржақып» спектаклін дайындап апарарды.

Өнер ордасының ойлаған үлкен жоспарлары әлі де көп. Келер жылы республикалық театр фестивалін өткізсек деген ойлары да бар.

І. Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры.

Қостанай қаласы, Маяковский көшесі, 119.

Жаңа театр «Абаймен» ашылады

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай, Қостанай қаласындағы Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрының жаңа үлгідегі ғимаратының ашылу салтанатына, Ұлы Абайдың өмірінің соңғы жылдарындағы қайғы-қасіретке толы оқиғалар желісіне құрылған қойылым көпшіліктің назарына ұсынылмақ.

Бұл қойылым Абай туралы қазақ сахнасында 1940 жылдан бері қойылып келе жатқан жаттанды үлгіден мүлде бөлек. Жаңа көріністе Ұлы ақынның алпысқа қараған жасында өз ортасынан орын таппай, ауыр ой арқалап, іштей егілген кезі суреттеледі. Қойылымда «Соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан жанның» тереңдегі жұмбағын, Абай азабының айтылмай келген тылсым бейнесі көрсетіледі. Қойылымның авторы әрі режиссері - Қазақстанның халық артисі Ерсайын Төлеубай.

Қостанай облысының әкімі Сергей Витальевич Кулагиннің бір ерекшелігі - өзі басшы болған жерде қазақ театрын салады. Бұған дейін Арқалықта, Көкшетауда жана мәдениет ошағын салдырды. Енді міне,

Қостанайдың ортасынан соңғы үлгідегі, екі залдық қазақ театры ашылып жатыр. Бұл облыстық бюджеттің қаржысына салынды. Әкімімізге ризамыз, он жыл бойы театр қызметкерлеріне үй берілмеген, «Жақында жаңа пәтерлерге ие боп қаламыз ба?» деген үміт бар. Алдымыздағы жылы Ілияс Омаровтың туғанына 100 жыл толу мерейтойы республикалық деңгейде және осы кісінің атындағы Қостанай облыстық драма театрының он жылдығы аталып өтейін деп жатыр. Осыған орай, республикалық театр фестивалін өткізуді жоспарлап отырмыз. Репертуарымыз бай, елуден астам спектакльді сахнаға шығардық. Алғаш рет М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, С.Баймағамбетовтің образдары сахнада сомдалды. Әлемдік қойылымдардың ішінен Шекспирдің «Гамлет», «Король Лир» пьесаларын қазақшалап, сахнаға шығардық. Жылда жаз айларында аудандарға, басқа облыстарға гастрольге шығып тұрамыз. Маңғыстау, Орал өңірлеріне, көрші Қызылжарға гастрольмен барып қайттық. Келесі жылы Алматыға гастрольмен баруды жоспарлап отырмыз, - дейді Ерсайын Төлеубай.

### **Қасым Аманжоловтың өлені Ілияс Омаровқа арналған.**

*Танымаймын, қанықпын сыртыңыздан,  
Мен ризамын еліме ұл туғызған.  
Таныстықтың пердесін аштым жырмен,  
Жат болмассыз ақындық гұрпымыздан.*

*Күле кіріп бұл жерге әдеппенен,  
Күңірене шықпаспын әдетпенен.  
Аға көрдім өмірде, іні көрдім,  
Қайсысынан көңілім дәме етпеген?*

*Талай жанға қойғанмен адам атын,  
Ел таниды өзінің азаматын.  
«Азамат!» деп ел Сізге ат қойыпты.  
Сол себепті бұл жырды жазады ақын.*

*Жасап көрген емеспін сөз саудасын,  
Төбіренгеннен тереңнен шығар даусым.  
Туған елі өлеңнен құя салған,  
Алдыңызда отырған мынау Қасым.*

*Өмір теңіз толқыны теуіп сыртқа,  
Шығарып та тастап жүр кей уақытта.  
Тереңіне қайтадан ұмтыламын,  
Толқынымен ойнаймын, ақпай ыққа.*

*Жаман-жақсы болсам да ел ұлымын,  
Елім деген ер болса – серігімін.  
Туған елдің намысын, абыройын,  
Өрге тартар бір жүрдек көлігімін.*

## Ильяс Омаров (1912-1970 гг.)



*Есть люди, которые оставляют незабываемый след в жизни большинства. Как правило, это альтруисты с кристально чистыми помыслами. И таким человеком, несомненно, был И.О. Омаров, чрезвычайно много сделавший для социального подъема и развития культуры в нашем крае.*

Омаров Ильяс - казахский советский литературный критик, государственный и общественный деятель. Родился он 1 октября 1912 г. В ауле Караоба Сарыкольского р-на Костанайской области в семье крестьянина (позже он прибавит себе один год, чтобы вступить в ВЛКСМ). С детства у него были великолепная память и развитая речь. В четыре года он был прекрасным рассказчиком. Отличная учеба в казкоммуне, и вот он уже студент экономического факультета Среднеазиатского госуниверситета в Ташкенте. Голод и постоянная нехватка времени - таковы воспоминания о студенческих годах Омарова. На обед в студенческой столовой выдавали 200 граммов хлеба, тарелку жидких щей без мяса на первое и тушеную капусту на второе...

Омаров окончил Среднеазиатский планово-экономический институт (Ташкент, 1933). С 1933 по 1936 гг. был директором Кызылординского техникума торговли. С 1936 по 1941 гг. находился на ответственных должностях в системе наркоматов легкой промышленности и торговли СССР, в 1941-1945 гг. - зам.наркома, нарком торговли СССР, Омаров настоял, чтобы выдающимся деятелям науки и культуры, проживавшим в Алма-Ате, комсомольцы-энтузиасты развозили горячие обеды. Так он пытался поддержать Каныша Сатпаева, Габита Мусрепова, Юрия Завадского, Самуила Маршака, Сергея Сергеева-Ценского и многих других.

В 1945-1947 гг. - зам. пред. Совнаркома КазССР, 1-й секретарь Восточно-Казахстанского обкома партии, в 1947-1952 гг. - секретарь ЦК КП (б) Казахстана, в 1955-1961 гг. - секретарь Северо-Казахстанского обкома партии,

директор киностудии "Казахфильм", советник Совмина КазССР, в 1961-1967 гг. - зам., 1-й зам. пред. Госплана при Совмине КазССР, в 1967-1970 гг. - министр культуры КазССР.

В таких сборниках литературно-критических статей Омарова, как "Думы о литературе" (1962), "Глазами читателя" (1967), "Окрыление" (1970), "Крылья вдохновения" (1973) рассмотрены актуальные проблемы теории и истории казахской литературы, специфика научного и художественного отражения действительности.

И. Омаров - член Бюро ЦК Компартии Казахстана (1947-1952), Депутат Верховного Совета СССР 2, 3-го созывов. Верховного Совета КазССР 2, 3, 7-го созывов. Награжден орденом Ленина, другими орденами и медалями.

В июле 1970 года Ильяс Омаров безвременно ушел из жизни – ему не исполнилось и 57. Его проводили в последний путь как выдающегося государственного деятеля. Была создана специальная правительственная комиссия по увековечению памяти Омарова.

Но в 1992 году, в год 80-летнего юбилея Ильяса Омарова, в Алматы его именем была названа улица, а в Костанайской области – совхоз. В 2000 году по предложению президента Нурсултана Назарбаева Казахскому театру драмы в Костанаяе было присвоено имя Ильяса Омарова.

Все эти годы театр работал ударными темпами. Здесь поставили множество спектаклей по мотивам произведений зарубежных и казахстанских писателей и драматургов.

### **12 января 2012 г. в Костанаяе состоялось открытие нового здания казахского драматического театра им. И. Омарова**


Аким области поздравил руководство театра с новосельем. В церемонии приняли участие вице-министр культуры Газиз Телебаев, сенаторы Хусаин Валиев, Светлана Жолмагамбетова и Женис Нургалиев.





## Дайджест статей из периодической печати.

*Георгий Нечетайло, Ильяс Омаров и его дети Диас и Тимур.*



Георгий Нечетайло, Ильяс Омаров и его дети – будущий спортивный комментатор Диас Омаров и будущий ученый-математик Тимур Омаров

### Жил человек по совести

*Арсен Дилим*

Много лет, как с нами нет Ильяса Омарова – государственного и общественного деятеля, казахского советского литературного критика. Судьба отпустила ему немного лет, но подарила яркую и неординарную жизнь.

Личность Ильяса Омарова словно подтверждала его стремление воплотить изречение Антона Чехова о том, что в человеке все должно быть прекрасным. Что же касается мнения творческой интеллигенции, то ее восторженные отзывы об Ильясе Омарове многочисленны. Трудно перечислить все публикации и письма из личного архива, в которых сотни представителей разных национальностей делятся своими воспоминаниями об этом человеке.

К примеру, выдающийся режиссер XX века Наталия Сац в своей книге "Новеллы моей жизни" написала: "Я поговорила с Ильясом Омаровичем пятнадцать минут и после этого полюбила сразу всех казахов. Какая культура, такт, уважение к собеседнику, какая вера, что мой приезд в Казахстан принесет здесь большую творческую пользу!". Таковым было ее впечатление от первой встречи с Ильясом Омаровым в 1944 году, когда она приступила к работе режиссера Театра оперы и балета им. Абая. В тот момент Наталия Сац была освобождена от ссылки после ГУЛАГа, где провела несколько лет, будучи репрессированной в 1937 году. А Ильяс Омаров тогда занимал пост народного комиссара торговли Казахской ССР. Впоследствии Ильяс Омаров и Наталия Сац сохранили уважительное и доброе отношение друг к другу.

В письме от 3 июня 1967 года писатель Юрий Казаков пишет: "Дорогой Ильяс Омарович! От Абдижамила Нурпеисова узнал о вашем новом назначении, с чем от души Вас поздравляю. Поздравляю также всю казахскую культуру, ибо далеко не каждое Министерство культуры может похвастаться действительно культурным министром. От души радуюсь за казахских друзей и даже жалею, что я не казах."

Известный казахстанский писатель Дмитрий Онегин в своем

воспоминании "Минуты откровения" написал в 1948 году: "Увидел я человека высокоинтеллигентного во всем – в голосе, в жесте, в одежде. И в том, как блестели из-под стекол очень пытливые глаза, как он улыбался и хмурился, читая мое прошение. Естественность и простота вызывали ответную открытость и доверие. Вспомнились слова Бауыржана Момыш-улы: "Ильяс – умница и само откровение".

Габит Мусрепов писал об Омарове так: "Если представить себе человека, сотворенного из таких черт, как нравственная чистота, неиссякаемая тяга к братству, непреклонное милосердие, который бы за всю свою жизнь не запятнал ни единой соринкой такие понятия, как гражданственность, человечность, справедливость, товарищество, дружба, то такой человек был бы не кем иным, как Ильясом Омаровым". А при встречах с Габитом Мусреповым знаменитый писатель Александр Фадеев всегда спрашивал: "Как там поживает мудрец Ильяс Омаров?"

"Какие бы посты ни занимал Ильяс Омарович, он всегда отличался от чиновников масштабностью своей личности, а главное – простотой в отношении к людям и непрременной доброжелательностью, – писала композитор Газиза Жубанова. – Я не помню ни одной премьеры оперы или балета, на которой не присутствовал бы он. Омаров знал все новые произведения писателей, композиторов, художников, он постоянно общался с людьми творчества и имел заслуженный авторитет среди них".

В богатой личной библиотеке Ильяса Омарова – главном наследстве, доставшемся его потомкам, – бережно хранятся десятки книг с дарственными надписями авторов. Например, в 1960 году свет увидела книга Мухтара Ауэзова "Караш-Караш". Сигнальный экземпляр книги Мухтар Омарханович подарил Ильяс Омаровичу с надписью: "Лучшему из сущих, дорогому другу Ильяс Омаровичу с неизменными дружескими порывами души".

Большая дружба связывала Ильяса Омарова и с Бауыржаном Момыш-улы. Легендарной батыр в дарственной надписи на своей книге "За нами Москва", подаренной Ильяс Омаровичу 19 декабря 1962 года, выразил свое отношение к нему следующими словами: "Аи эм глэд ту си ю! Аи лайк ю вери матч! Это правда! Умрет ли раньше младший или старший по возрасту – это вопрос не нашей компетенции. Я не хочу, чтобы я пережил тебя!". Такую же фразу в отношении Ильяса Омарова слышали и из уст другого легендарного батыра – прославленного летчика, дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова. Как о Человеке с большой буквы об Ильяс Омарове писали Абдижамил Нурпеисов, Олжас Сулейменов, Мухтар Шаханов, Какимбек Салыков, Шерхан Муртаза, Куаныш Султанов, Людмила Енисеева, Исаак Попов и многие другие известные люди.

Нравственный облик Ильяса Омарова – это воплощение таких понятий, как культура и демократичность. Человеческая культура и этика были неотъемлемы в его поведении с близкими, друзьями и в кругу семьи. Уважительное отношение к любому человеку, независимо от чина, должности, звания, наград и ученой степени, никогда не изменяло ему. Во

всей внешности и в поведении Омарова были благородство и простота, не было ничего навязчивого, наносного, притворного. Он был подтянут и элегантен, хотя и далек от франтовства.

Немалая заслуга в этом была его супруги Гульшат Сакиевны. История любви этих людей – прекрасная и драматичная – длилась на протяжении всех тридцати шести лет их совместной жизни. Гульшат Сакиевна рассказывала, что ее супруг никогда не навязывал своего мнения, не страдал снобизмом и лицемерием, в трудных ситуациях сохранял выдержку, а снять создавшееся напряжение мог острой шуткой или метким словом.

Ильяс Омаров всегда опасался тенденциозности мышления, упрямства и узкого кругозора. Когда он сталкивался с этим, то становился саркастичным и даже едко ироничным. Он любил повторять, что людские недостатки первыми бросаются в глаза. "Ждите, и человек сам себя покажет, – говорил Омаров. – Не бывает, чтобы плохой человек не разоблачил себя неблагоприятными делами. Когда его саморазоблачение станет очевидным, то разумный молча отдалится от него, не опускаясь до скандального выяснения отношений". Было несколько случаев, когда он перестал общаться с людьми, совершившими подлость. Но даже тогда о них он ничего плохого не говорил, просто игнорировал их.

Позже, как депутат Верховного Совета, Ильяс Омаров получал много писем из разных уголков Казахстана. Однажды к нему поступило заявление от ингушского аксакала Хасана Аушева (деда будущего героя афганской кампании Руслана Аушева), проживавшего в селе Узун-Агач Алма-Атинской области. В 1919 году Хасан был красным партизаном, воевал с деникинцами. А на старости лет он и его жена Патимат еле выживали за счет маленького урожая на приусадебном участке. Сын аксакала Беслан жил отдельно от родителей в Чиликском районе Алма-Атинской области и был лишен права выезжать за пределы этого района – остаточные явления военной политики переселения. Ильяс Омаров решил этот вопрос довольно быстро: Хасан Аушев получил пенсию, а через некоторое время к нему переехал сын Беслан.

Судьба не раз испытывала Омарова на прочность. Одно из важных испытаний выпало в конце 40-х годов прошлого века, когда он, будучи секретарем ЦК ВКП (б) Казахстана, курировал вопросы идеологии, пропаганды, культуры, науки и образования. В то время он выступил главным редактором фундаментального двухтомного труда "История Казахской ССР", в которой главы о ханах Абылае и Кенесары были написаны историком Ермуханом Бекмахановым. 11 октября 1949 года Ильяс Омаров получил из Москвы от академика Анны Панкратовой письмо, в котором были такие строки: "Среди ряда историков существует неперемнное стремление ухудшить историю казахского народа. Я совершенно не понимаю, почему грузинские цари или узбекские ханы могут считаться при аналогичных исторических условиях прогрессивными деятелями, а казахи должны чернить Абылая или Кенесары? Я ни в коем случае не могу стать на анти-

исторический путь оценки этих виднейших деятелей казахской истории, тем более что наши критики не подтверждают своих выводов решительно никакими документами и историческими фактами".

Ильяс Омаров простил всех: и тех, кто отвернулся от него в трудные времена, и тех, кто писал порочащие его статьи в журналах, и председателя парткома, требовавшего его партбилет. Вернувшись в высшие эшелоны власти, он подавал руку помощи этим людям. Друзья и родственники упрекали его, на что он отвечал: "Люди – рабы обстоятельств. Виноват не отдельный человек, а вся система. Народ все видит и слышит. Чтобы забыть о причиненном зле, требуется мужество".

В 1967 году Ильяс Омаров получил неожиданное назначение на пост министра культуры. Заместитель председателя Госплана СССР академик Николай Некрасов возмутился: почему талантливого экономиста назначили министром культуры? Некрасов даже хотел позвонить Динмухамеду Кунаеву, но Ильяс Омарович сказал, что он сам "виноват" в своем назначении, поскольку частенько приходил к Кунаеву с предложениями по реформе Министерства культуры.

## "Природный степняк" Омаров

*Жанар Карина, Аксункар Абдулина*



Ильяс Омаров, 100-летие которого отмечают в этом году, сделал многое для развития Казахстана. Его отличное знание экономики приносило прекрасные плоды, где бы он ни руководил: в обычном техникуме, национальной киностудии, в Госплане или Министерстве культуры КазССР. А почтительное отношение к истории и культуре не только казахского (кстати, себя Омаров называл "природным степняком"), но и других народов, постоянная поддержка деятелей культуры снискали Омарову всеобщее уважение. Спасая от сталинских репрессий великих, в том числе Мухтара Ауэзова,

Ильяс Омарович чуть сам не оказался втянутым в этот смертельный маховик... К счастью, на помощь вовремя пришли верные друзья.

3 марта в Доме ученых Алматы состоялась презентация книги "Ильяс Омаров. Жизнь и философия".

**Авторы книги** - Мухаммед-Халел Сулейманов, Жанар Сулейманова, Андрей Голубев - попытались осветить неизвестные страницы жизни, систематизировать философские раздумья известного общественно-политического деятеля Казахстана.

Близкое окружение знало Омарова как простого, отзывчивого и доброго человека, но принципиального и твердого при необходимости. Омаров всегда заботился о деятелях культуры.

К примеру, помогал Евгению Брусиловскому, братьям Абдуллиным, Дине

Нурпеисовой. Нужно отдать должное тем заведующим складами, базами и магазинами, которые по запискам Ильяс Омаровича помогали артистам, ученым и писателям, говорится в книге "Ильяс Омаров. Жизнь и философия". Ведь 30-е годы, как известно, в Казахстане были голодными...

А в годы Великой Отечественной по настоянию Омарова выдающимся деятелям науки и культуры, проживавшим в Алматы, комсомольцы-энтузиасты развозили горячие обеды. Хотя бы так он пытался поддержать тогда Каныша Сатпаева, Габита Мусрепова, Юрия Завадского, Самуила Маршака, Сергея Сергеева-Ценского и других.

Кужамьяров считал Омарова самым "читающим". Композитор Жубанова как-то сказала: "Я не помню ни одной премьеры оперы или балета, симфонии или оратории, драматического спектакля или эстрадного концерта, на котором не присутствовал бы Ильяс Омарович. Он знал все новые произведения писателей, композиторов, художников, постоянно общался с людьми творчества и имел большой авторитет среди них".

### **Письма современников**

**Наверное, лучше, чем сухие строки его биографии, скажут о нем его современники в письмах:**

Наталья Сац, 19 марта 1969 г., Москва: "Дорогой, сердечно уважаемый Ильяс Омарович! Прежде всего - как Ваше здоровье? Это самое основное и главное. Так хочется, чтобы все недуги и печали покинули Вас, а весна снова увлекла вперед и выше. Большое Вам спасибо за письмо, поздравление, хорошее ко мне отношение. О книге "И. Сац" в один и тот же день я получила два письма - от Вас и от Шостаковича Д. Д. с удивительно схожим отзывом. Очень приятно! Велите Вашему секретарю написать мне, когда Вы вернетесь к работе. Без Вас, дорогой Ильяс Омарович, верьте мне, ехать в Алма-Ату нет смысла. Я уже хочу по-серьезному помочь театру - трудности там есть, и, не опираясь на Вашу мудрость и силу, этого не подниму. Здоровье меня не очень радует - работаю сверх сил - возьму административно-опекающую единицу. Но все это не главное. Главное - знать, что вы в это время там. Сердечный Вам привет и пожелания всего самого хорошего от уважающей Вас Нат. Сац".

### **Книга всколыхнула**

*Асель Ермаканова*

Александр Фадеев, Бауыржан Момышулы, Габит Мусрепов называли его мудрецом, а Мухтар Ауэзов - "лучшим из суших". Наталья Сац писала: "Я поговорила с Ильясом Омаровичем Омаровым пятнадцать минут и после этого полюбила сразу всех казахов". В этом году Ильяс Омарову исполнилось бы 90 лет. В память о нем вышла книга "Ильяс Омаров. Жизнь и философия".

- Книга меня всколыхнула, - признался сын Бауыржана Момышулы Бакытжан. - Я не знаю, то ли это был трепет сердца, то ли пробуждение.

Ильяс Омаров, в разное время занимая посты заместителя народного

комиссара торговли Казахской ССР, секретаря ЦК Компартии по идеологии, министра культуры Казахстана, всегда был защитником интересов народа и оставался человеком с большой буквы.

- Впервые опубликованные записи из блокнотов Ильяса Омарова знакомят с его взглядами на литературу, культуру, которые отличаются обобщением, сквозной перспективой, видением крупных проблем и вопросов, - пишет редактор издания Энгельсина Омарова.

Книга о видном государственном и партийном деятеле Казахстана Ильясе Омарове знакомит с его биографией, общественно-политическими взглядами и литературно философским наследием.

Книга пронизана драматизмом советской эпохи. Тем рельефнее на этом фоне выступают доброта и человечность, мужество и порядочность, нравственная и гражданская позиция Ильяса Омарова.

На основе книг и статей Ильяса Омарова и неопубликованных блокнотных записей впервые рассмотрено его литературное творчество, приведены малоизвестные факты из биографии.

### **Илияс Омаров туралы:**

1. Қайырбеков, Ғ. Еске алсам ескі күннің мұнарынан...: өлеңдер / Ғ. Қайырбеков // Таң-шолпан.- 2008.- № 4. - 115-122 б.

2. Айқадамова, А. Үлкендер ішінде кіші емес, кішілер ішінде үлкен емес бір ғажап жан: [Илияс Омаров туралы] / А. Айқадамова // Қостанай таңы.- 2007.- 3 қазан. - 1 б.

3. Жақсанов, О. Тау тұлға: көрнекті қоғам қайраткері, жазушы-публицист Илияс Омаров жайлы толғаныс / О. Жақсанов // Қостанай.- 2009. - 5 мамыр. - 7 б.

4. Қайыпбаева, А. Илияс Омарұлы [Мәтін] / А. Қайыпбаева // Қазақстан тарихы.- 2004. - № 5 - 110-117 б.

5. Қайыпбаева, А. Илияс Омарұлы / А. Қайыпбаева // Қазақ тарихы.- 2005.- № 1.- 76-79 б.

6. Қирабаев, С. Илияс Омаров / С. Қирабаев // Қирабаев, С. Өмір тағылымдары: естеліктер.- Алматы.- 2006. - 218-226 б. - (Әдеби мемуарлар).

7. Меңдібаев, С. Тектілік / С. Меңдібаев // Жас өркен - Қостанай.- 2005.- № 4. - 2-4 б.

8. Меңдібай, С. Бұлақтай таза, теңіздей терең, аспандай асқақ / С. Меңдібай // Қостанай таңы.- 2005. - 29 сәуір. - 5 б.

9. Меңдібай, С. Ілекеңнен қалған інжу сөз: [Илияс Омаровтың нақылдары, әзіл - қалжыңдары] / С. Меңдібай // Қостанай таңы.- 2007.- 21 қыркүйек. - 4 б.

10. Сейдахмет, Қ. Біртуар: [қоғам және мемлекет қайраткері Илияс Омаров туралы] / Сейдахмет Қ // Қостанай таңы.- 2008.- 9 қаңтар. - 4 б.

11. Төлеуханқызы, А. Ар алдында аласармаған / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан.- 2010.- 13 тамыз. - (№ 338-339) - 5 б.

12. Шаяхмет, А. Мәдениеттің биік бақаны: [Ілияс Омаров туралы] / А. Шаяхмет // Жас Өркен - Қостанай.- 2007.- № 5. - 9-11 б.

13. Шәмшиев, Қ. Елінің данасы еді: [Ілияс Омаров туралы] / Қ. Шәмшиев // Қостанай таңы. - 2007.- 28 қыркүйек. - 7 б.

#### **Литература о жизни и творчестве Ильяс Омарова:**

1. Дилим, А. Жил человек по совести / А. Дилим // Экспресс К. - 2010.- 30 июля. - (№ 137). - С. 28-29.

2. Ермаканова, А. Книга всколыхнула: [о книге "Ильяс Омаров. Жизнь и философия"] // <http://www.nomad.su/print.php?a=15-200303140012>

3. Карина, Ж. «Природный степняк» Омаров / Ж. Карина, А. Абдулина // <http://www.nomad.su/print.php?a=15-200303140012>

4. Омаров, И. Жизнь и философия / И. Омаров // Литературный Казахстан.- 2009.- № 3. - С. 176-194.

5. Омаров, И. Раздумья: дневники, ст., воспоминания на каз., рус. яз / И. Омаров ; сост. К. Султанов, Х. ; Сулейменов.- Алма - Ата: Жазушы, 1992.- 240 с.: портр.

#### **Уважаемые читатели!**

**Костанайская областная библиотека  
для детей и юношества имени И. Алтынсарина**

**ждёт вас по адресу:**

**Касымканова, 74**

**телефоны: 54-27-44 (директор),**

**54-11-61 (отделы обслуживания),**

**39-00-42 (метод. отдел),**

**39-00-43 (отдел обслуживания 7-11 кл. и юношества).**

**Библиотека в Интернете:**

**e-mail: [albiblio@ya.ru](mailto:albiblio@ya.ru)**

**[www.allib.org](http://www.allib.org)**

***Составитель: Сайрамбаева Ж. И.  
Компьютерный набор: Сайрамбаева Ж. И.  
Редактор: Жуламанова К. М.  
Ответственный за выпуск: Теплякова Н. М.***